

«Бекітемін»
«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
менгеруші м.а. Г.Конырбаева Г.Конырбаева
« 31 » « 08 » 2022 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Звездочки» ортаңғы тобы**

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: Ботантаева Жаннат Асановна

Балалардың жасы: 3 жас

Ұйымдастырылған іс-әрекет: қазақ тілі

№	Мерзімі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға үйрету. Сөздік қор. Балабақша туралы, балабақшадағы ойыншық атауларын атай білуге, оларға қысқаша сипаттама беруге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. «Бұл не?» сұраққа толық жауап беруге үйрету.
2	Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Сөздік қор. Күздің негізгі белгілері мен күзгі табиғатқа қатысты сөздерді меңгерту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдер арқылы сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Сөздің мағынасын түсініп, сөйлеу барысында қолдана білуге баулу.
3	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылу, дыбысталу жолдарын түсіндіру, жеке дыбысты бірнеше рет қайталау (ә, ө, қ дыбыстары) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын өсімдіктердің, аңдардың, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұраққа жауап беруге үйрету (Бұл не?)

4	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын дұрыс айтуға баулу. Артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын ауа райы құбылыстарының атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал); заттардың түсін айта білуді дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Сурет бойынша қысқаша сөйлем құрастыра білуге дағдыландыру.
5	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Дұрыс тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін жетілдіру. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа) тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйретуді жалғастыру (бер, алып кел, ал); заттардың қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есім және сын есімдерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.
6	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құруға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу. Бұл кім? Бұл не? сұрақтарын ажырата білу, толық жауап беруге дағдыландыру.

7	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге, дұрыс айтып, есте сақтауға үйрету. Сөздік қор. Сөздік қорларын көктемгі табиғи құбылыстардың, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал); қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есім және етістіктерді қолдана отырып сөйлем құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Бұл кім? Бұл не? сұрақтарына толық жауап беруге үйрету.
8	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге, қазақ тіліне тән қ, ұ, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Көлік атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйретуді жалғастыру (бер, алып кел, ал). Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есім және етістіктерді байланыстырып жай сөйлем құруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Бұл кім? Бұл не? сұрақтарын қолдана отырып, диалогқа түсуге үйрету.
9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балалардың сөз дыбыстарын айту дағдыларын және сөйлеу тынысын, дыбыстық аппаратын дамыту. Сөздік қор. Өзінің дене бөліктерін (басы, денесі, қолдары, аяғы) бағдарлауға және атауға үйрету. Дене мүшелері туралы қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Заттың атын білдіретін сөздерді заттың қимылын білдіретін сөздермен байланыстырып сөйлем құруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Сөйлеу барысында ойларын дұрыс айтуға үйрету; сурет пен сөз арасында байланыс орнату машығын игеруге дағдыландыру.